

БІЛІМ БЕРУДЕГІ

МЕНЕДЖМЕНТ

В ОБРАЗОВАНИИ

4/2013

ISSN 2226 – 1176

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БІЛІМ БЕРУДЕГІ МЕНЕДЖМЕНТ МЕНЕДЖМЕНТ В ОБРАЗОВАНИИ

ISSN 2226 – 1176

№4 (71) 2013

Жылына 4 рет шығады
Выходит 4 раза в год

ББЖКБАРИ ғылыми-зерттеулік,
Педагогикалық әдістемелік
журналының алғашқы нөмірі
1996 жылдан бастап шықты

Научно-исследовательский,
педагогический, методический журнал
РИПК СО начал издаваться с 1996 года

МЕНШІК ИЕСІ:

«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы
«Қазақстан Республикасы білім беру
жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық
қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын
республикалық институты

Басылымның алғашқы тіркеу куәлігі №476,
ҚР МАМ Ақпарат агенттіктерін
есепке алу куәлігі № 13497-ж 2013 ж.

СОБСТВЕННИК:

Филиал АО «НЦПК «Өрлеу»
«Республиканский институт повышения
квалификации руководящих и
научно – педагогических
работников системы образования
Республики Казахстан

Первичный постановочный №476 издания,
Постановке на учет ППИИА
МКИИ РК №13497-ж 2013 г.

«Қазпошта», «Эврикапресс»,
«Евразияпресс» агенттіктерінің
каталогтары бойынша жазылу
индексі -

Подписной индекс по каталогам
агентств «Казпочта», «Эврика
пресс», «Евразия пресс»

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

ХАБАРЛАР МЕН ДЕРЕКТЕР	
ИНФОРМАЦИЯ И ФАКТЫ	
<i>Г.К. Ахметова</i> Уважаемые коллеги!	3
БАСҚАРУДАҒЫ ЖАҢА КӨЗҚАРАСТАР	
НОВЫЕ ПОДХОДЫ В УПРАВЛЕНИИ	
<i>Г.Т. Балакаева</i> Өрлеу новая система повышения квалификации.....	9
<i>L. A. Shkutina., A. N. Sankhayeva</i> The role of the teacher in the management of the education system	12
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ	
НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ	
<i>Д.Танирбергенова</i> Опознавательный знак XXI века – профессиональная компетентность учителя	19
<i>Л.А. Дорожкина</i> Внедрение педагогики М.Монтессори в дошкольные организации Казахстана.....	29
БІЛІМ ФИЛОСОФИЯСЫ	
ФИЛОСОФИЯ ЗНАНИЯ	
<i>А.М. Майлышева</i> Кіші мектеп жасындағы оқушылардың психологиялық даму мәселелері	35
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ	
МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНЫХ НАУЧНЫХ КОНФЕРЕНЦИЙ	
<i>Г.М.Жусанбаева</i> Білім бәрудегі инновациялық технологиялар.....	38
<i>Е.Т. Ержанов., У.Х.Адилова</i> Особенности влияния цветового спектра на психо-эмоциональное состояние школьников.....	42
<i>З.З. Джонова</i> Туризмнің ресурстық рекреациялық факторлары.....	47
<i>В.Х.Адилова</i> О структурировании учебного занятия в вузе	51
<i>Г.Қ.Ширинбаева</i> Студенттерді әлеуметтік білім беру жүйесінде дамытудың әлеуметтік аспектілері	57
<i>Е.В.Дергачёва</i> Феномен психологической устойчивости в профессиональной деятельности менеджера	63
<i>Е.А. Северинова</i> Модель взаимодействия со студентами дистанционной формы обучения	68
<i>Б. Бекенова</i> Бейнелеу өнерін пәнаралық байланыс арқылы оқыту ерекшеліктері.....	72
БІЛГІРЛЕР МЕКТЕБІ	
ШКОЛА МАСТЕРОВ	
<i>К.Т. Ниембаева</i> Креативтіліктің педагогикалық негізі	78
<i>К.К. Турдакынова</i> О Коучинговой практике.....	82
<i>А.Т. Мамырова</i> Жаңа форматта оқыту арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту	85
<i>К.К. Амирова</i> Школьный класс: способность действовать в команде.....	89
<i>Ж.С. Салқынбаева</i> Жаңа әдіс-тәсілдер - математика сабағында.....	91
<i>А.А. Малтабарова</i> Обучение учащихся тому, как учиться	98
<i>Фил Стивенсон., Сандра Стивенсон</i> , Transforming Education In Kazakhstan – A Collaborative Approach	102
<i>Н. Д. Ибрагимова</i> Выявление, развитие и формирование лидерских способностей среди учащихся	106

ХӘСІПТІК ШЕБЕРЛІКТІ АРТТЫРУ	
ПОВЫШЕНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО МАСТЕРСТВА	
Ф.К. Шуканова Мониторинг курсов повышения квалификации.....	109
ҒЫЛЫМ ҰСТАЗ НАЗАРЫНА	
НАУКА В ЖИЗНЬ ПЕДАГОГА	
С.В. Коровина Проведение исследования в действии по теме «метод проектов» как средство совершенствования мотивационной культуры учащихся.....	113
ҒЫЛЫМ МЕН ТӘЖІРИБЕНІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ	
ИНТЕГРАЦИЯ НАУКИ И ПРАКТИКИ	
Н.Б. Раусова Система работы с одаренными детьми как одно из направлений личносно-ориентированного обучения.....	120
S.M.Koblanova The practice of integration of innovative technologies on English language	123
ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР	
НОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ	
Г.А.Мадырова., К.Н.Байсалбаева Электрондық білім беру ресурстарын құру.....	129
БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ДАЙДЖЕСТ	
БИБЛИОРГАФИЧЕСКИЙ ДАЙДЖЕСТ	135
АТАУЛЫ КҮНДЕР МЕН ҚҰТТЫҚТАУЛАР	
ДАТЫ И ПОЗДРАВЛЕНИЯ	137
АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР	
СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ	140
МАЗМҰНЫ	
СОДЕРЖАНИЕ	142

ЭЛЕКТРОНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ҚҰРУ

Г.А.Мадьярова.,
профессор Алматинской академии
экономики и статистики,
К.Н.Байсалбаева,
доцент Алматинской академии
экономики и статистики

Қазақстан Республикасында 2020 жылға дейін «Білім беруді дамытудың стратегиялық» жоспарында: «Орта, техникалық, кәсіптік және жоғарғы оқу орындарында электрондық оқыту жүйесі (e-learning) енгізілетін болады» [1], — деп қарастырылған.

Электрондық оқыту жүйесі (ЭОЖ) білім беру жүйесін басқаруды қолдаудағы негізгі құрал болғандықтан білім беру ортасына қатысты барлық қажетті мәліметтерді сақтауы керек. Сонымен бірге ЭОЖ–білімді дамытудың ақпараттық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету құралы, екіншіден, электрондық оқыту жүйесінің кез келген түйінінен мәліметтерді орталықтандырып жинақтау арқылы білім беру жүйесінің мониторингін жасау құралы, үшіншіден, білім беру жүйесі туралы қажетті статистикалық мәліметтерді және түрлі аспектілер бойынша есеп беруді қалыптастыруды қамтамасыз ететін шешім қабылдау құралы ретінде әрекет етуі тиіс.

Электрондық оқыту жүйесі барлық білім беру мекемелері, оқытушы, оқушы және олардың білім беру ортасында ауысып отыруы туралы мәліметтерді сақтайды.

Электрондық оқыту жүйесінде басты орынды білім беру ресурстары алады. Педагогтың жұмыс жасауына болатын өртүрлі электрондық білім беру ресурстары арасында оларды жүйелі қолдану бойынша ғылыми-әдістемелік құралдарға білім беру қызметкерлеріне арналғандары тапшы екендігін атап өткен дұрыс. Мұның ең басты себебі электрондық білім беру ресурстарын құрумен педагогикалық қызметке қатысы жоқ мамандар айналысады. Электрондық білім беру ресурстарын құрумен айналысатын мамандар:

- кәсіби программалаушылар тобы құрастырған жоғары деңгейлі ЭОЖ жеке пәндерді оқыту әдістемесінен хабары жоқ мамандардың қолынан шыққандықтан педагогтардың сұранысын қанағаттандырмай қалады.

- өзінің «авторлық» көзқарасы бар педагогтар бағдарламалау саласындағы білімдері жетіспейтіндіктен, жақсы құрылымданған замануи талаптарды қанағаттандыратын Электрондық білім беру ресурстарын жасай алмайды [2].

Бұл мәселені электрондық білім беру ресурстарын құруға арналған қолданбалы бағдарламалардың көмегімен шешуге болады. Қолданбалы бағдарламалар электрондық білім беру ресурстарының мынадай түрлерін құру мүмкіндігін береді:

- компьютерлік оқыту жүйесі;
- білімді компьютерлік бақылау жүйесі;
- компьютерлік есептер жинағы;
- компьютерлік зерханалық практикум;

- компьютерлік сөздік;
- компьютерлік анықтамалық (энциклопедия);
- компьютерлік жаттықтырушы;
- компьютерлік оқулық;
- презентация/көрсетілім;
- оқу құралы;
- оқу-әдістемелік құрал және т.б.

Электрондық білім беру ресурстарының сапасы оқу өнімі ретінде ең бірінші кезекте оның дидактикалық принциптер мен ғылыми-әдістемелік талаптарға сәйкестігімен анықталады.

Электрондық білім беру ресурстарының тиімділігі [3]:

- кез-келген уақытта ашық – бүгінгі немесе болашақтағы ұстаздар білім қорларын, курстарды, он-лайндық қоғамдарды немесе қайта даярлау бағдарламаларын өздеріне ыңғайлы кез келген уақытта бағалай алады;

- кез келген жерде ашық-үйренушілер басқалармен қатынасады немесе қорларды пайдалана алады, компьютер Интернет желісіне қосылған болса, кез келген орыннан нұсқау және сараптама алады;

- бірлескен жұмыс және желілік қоғамдар электрондық оқыту ұстаздарға бірлескен жұмыстар және зерттеулер өткізу үшін, сонымен бірге проблемалық мәселелерді бірлесіп шешуде, инновациялық технологияларды енгізумен және оқу бағдарламаларындағы тақырыптарды бірлесіп талқылау мен тәжірибелерін ортаға бөлісу үшін жаңа мүмкіндіктер ашады;

- жаңа педагогикалық амалдар – электрондық оқыту дәстүрлі парадигманың өзгеру үрдісінде катализатор қызметін көрсете алады; электрондық-оқыту дәстүрлі әдістермен салыстырғанда интерактивті ортада оқытудағы бірлесіп құрастыруға мүмкіндік туғыза алады.

Электрондық білім беру ресурстарын бағалаудың дәстүрлі критерийлері:

- оқыту бағдарламасына сәйкестігі (орта мектеп, жоғарғы оқу орны т.б.);
- берілетін материалдың ғылыми негізделуі (пән бойынша қазіргі заманғы білімге сәйкестігі),
- біртұтас әдістемеге сәйкестігі (материалдарды «қарапайымнан күрделіге» көрсету бірізділігінің сақталуы);
- фактографиялық қателердің, этикалық емес компоненттердің жіберілмеуі;
- оқу өнімінің технологиялық сапасының тиімділігі (мысалы, полиграфия сапасы) және т.б. [4].

Электрондық білім беру ресурстарын құрудың мақсаттары мен міндеттеріне қарай оны құру орталарын таңдауға болады. Электрондық білім беру ресурстарын құруға арналған тегін және шартты түрде тегін бірқатар орталарға шолу жасайық.

- Айрен – жеке компьютерде, жергілікті желіде Интернет арқылы тест жүргізу және білімді тексеруге арналған тесттерді құруға арналған тегін бағдарлама. Сонымен бірге, тестті желіде қолданбай, нәтижелерді сақтамай білімді тексеру мақсатында (өзін өзі тексеру режимі) оқушыларға тарату мүмкіндігін беретін, автономды орындалатын файл түрінде құру мүмкіндіктері қарастырылған.

- AVELife TestGold Agent – TestGold технологиясы бойынша тест жүргізуге арналған тегін бағдарлама. Программалық жабдық тестілеуді жеке компьютерде, жұмыс орындарында мекеменің жергілікті желісінде мәліметтерді орталықтан

сақтау және электрондық поштаның көмегімен қашықтан тестілеу мүмкіндігін береді.

- SunRav TestOfficePro – тесттерді құру және олардың нәтижесін өңдеуге арналған бағдарлама. Бұл бағдарламаның көмегімен кез келген білім беру мекемесінде (жоғарғы оқу орны, колледж, мектеп) оқу пәні бойынша емтихандарды ұйымдастыруға, тестілеуді жүргізуге болады. Бағдарламалық жабдық tMaker тесттерді құруға арналған бағдарламаны қамтиды.

- TestTurn – тестілеуге арналған, қолдануға ықшамды, қарапайым тегін бағдарлама. Жұмыстың көп пайдаланушыға арналған режимін, тестті орындаудың нақты хаттамаларын сақтау және баспаға шығаруға мүмкіндік береді.

- LCDS – оқу материалдарын құрастыруға арналған тегін жүйе. Жоғары сапалы интерактивті электрондық курстарды құруға және жариялауға мүмкіндік береді. Жоғары сапалы мәтіндерді, интерактивті тапсырмаларды, конкурстарды, тесттерді анимациялық эффекттерді, демо-роликтерді және мультимедиялық материалдарды құруға мүмкіндік береді.

- SunRav BookOffice – мультимедиялық құралдарды қолданып электрондық кітаптар мен оқулықтарды құруға арналған бағдарламалар пакеті.

- xDLS SE – қашықтан оқытуға арналған, шартты түрде тегін бағдарлама. Кеңейтілген масштабталатын көпплатформалы архитектурадан тұрады, білім беру мекемелерінде және кең ауқымды мәселелерді шешуді ұйымдастыруда қолдануға болады, барлық негізгі функцияларды (оқу материалдарын жариялау, тестілеу, басқару) қамтиды.

- Moodle – жеке онлайндық курстармен қатар білім беруге арналған веб-сайттарды құруға арналған аспаптық орта, ашық бастапқы кодтар түрінде таратылатындықтан, нақты білім беру жобасының еркешеліктеріне ыңғайлап баптау, қажет болса, жаңа модульдерді ендіру мүмкіндіктері бар.

- СДО «Прометей» – Интернетте немесе Интранетте виртуалды университетті құру мүмкіндігін береді. Тыңдаушылардың көп санымен оқу циклын тұтас, өтініштерді қабылдаудан бастап, қорытынды сертификаттарды беруге дейін автоматтандыра отырып қашықтан оқытуды жүргізеді.

- CourseLab – Интернетте, қашықтан оқыту жүйелерінде қолдануға арналған, компакт-дискіге немесе басқа тасымалдаушыларда жазылған, интерактивті оқу материалдарын (электрондық курстарды) құруға арналған қуатты құрал.

- WebTutor – мамандарды таңдау, бағалау, оқытумен, мәліметтерді жүйелеу және сақтаумен, сонымен бірге корпоративтік коммуникацияларды ұйымдастырумен байланысты бизнес-процестерді кешенді автоматтандыру жүйесі.

- ATutor – қатынас құру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, пайдаланушының қалауына қарай ыңғайланатын, ашық кодымен оқу контентін (Learning Content Management System – LCMS) басқарудың веб-бағдарланған жүйесі.

Жоғарғы білім беретін оқу орындары үшін оқу үрдісіндегі функционалдық қызметіне қарай білім беру ресурстарын мынадай топтарға жіктеуге болады:

- программалық-әдістемелік – оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары;


- оқу-әдістемелік – әдістемелік нұсқаулықтар, пәнді оқытуға арналған, курсты меңгеруге арналған материалдар, курстық және дипломдық жұмысты орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар;

- оқыту – оқулық, оқу құралдары, дәріс мәтіндері, мәтін конспекттері;

- көмекші – практикумдар, тапсырмалар мен жаттығулар жинағы, хрестоматиялар, оқуға арналған кітаптар;

- бақылау – тестілеу, деректер базасы [5].

Интернеттен тегін жүктеп алуға болатын тест құруға арналған редактордың біріне тоқталайық. Осындай бағдарламалармен жұмыс жасау өте қолайлы, әрі оқытушының уақытын тиімді қолдануына мүмкіндік береді. INDIGO тестілеу жүйесін Интернеттен жүктеп алған соң жеке компьютерге орнату қажет (сурет 1). Бұл жүйе жаңадан тест сұрақтарын құру және бұрыннан құрылған тесттерді жүйеге жүктеу мүмкіндігін береді.



1-сурет. INDIGO тестілеу жүйесінің бастапқы терезесі


2-суретте INDIGO тестілеу жүйесінде жаңадан тест құру мүмкіндігін беретін терезе көрсетілген. Бұл жүйеде тест сұрақтарының жауаптарын және оның санын көрсету мүмкіндігі беріледі.

Білім беруге бағытталған электрондық білім беру ресурстардың тиімділігін бағалаудың анағұрлым кең тараған критерийлері:

- оқыту мүмкіндігінің болуы;
- осы өнім құралдарының оқушыларға дәріс материалдарын меңгеруі, тірек конспектілерін, теориялық, анықтамалық-нормативтік мәліметтерді көрсету және қалыптастыру мүмкіндіктерінің болуы;
- тестілеу мүмкіндігінің болуы;

нағы.

рдың
и, әрі
тілеу
ет 1).
үйеге



2-сурет. INDIGO тестілеу жүйесінде жаңадан тест құру терезесі тесттер типтерінің әр түрлерін жүзеге асыру және оларды толтыруды автоматтандыру мүмкіндіктерінің болуы;

- мәліметтерді статистикалық өңдеу мүмкіндігінің болуы;
- өзін-өзі тексеруден кейін тестілеу нәтижесін шығару мүмкіндігінің болуы;
- рұқсатсыз қатынас құрудан қорғалуы;
- дайын электрондық білім беру ресурстарын өзгерту немесе бұздан қорғауды қамтамасыз ету;
- материалды қосу және форматтау ыңғайлылығы (басқа қосымшалардан көшіру арқылы материалдарды қосу немесе электрондық білім беру ресурстарын өзгерту, форматтау т.с.с.);
- электрондық білім беру ресурстарын құруда программалық өнімді қолданудағы жетістіктер;
- электрондық білім беру ресурстарын құруда программалық өнімді қолданудағы кемшіліктер;
- электрондық білім беру ресурстарын жүзеге асыру құралдарымен жұмыс жасау кезінде арнайы білімнің қажеттілігі;
- электрондық білім беру ресурстарын құрастырушыдан оны жүзеге асыру құралдарымен жұмыс жасау кезінде арнайы білімнің талап етілетіндігі (мысалы, әртүрлі бақылау түрлерін жүзеге асыру және тестілеу нәтижелерін автоматты түрде өңдеу барысында программалау тілін білу қажеттілігі).

Қорыта айтқанда қазіргі кезде электрондық білім беру ресурстарын құруға арналған қолданбалы бағдарламалар саны өте көп. Әр оқытушы өзіне тиімдісін, қажеттісін, өз талаптарын қанағаттандыратынын таңдап ала білуі маңызды болып табылады.

Түйіндеме

Бұл мақалада электрондық білім беру жүйесіне қойылатын талаптар және білім беру мақсатында оларды қолдану тиімділігінің критерийлері қарастырылған.

Анағұрлым кең тараған электрондық білім беру ресурстарын құру орталарына шолу жасалған. Оларды қолдану тиімділігінің критерийлері сипатталған.

Кілттік сөздер: Электрондық білім беру ресурстары, Электрондық білім беру ресурстарын құру орталары.

Резюме

В данной статье рассматриваются требования, предъявляемые к электронным образовательным ресурсам (ЭОР), и критерии оценки эффективности ЭОР для образовательных целей. Описаны наиболее популярные средства разработки ЭОР, выделены критерии оценки их эффективности.

Ключевые слова: Электронные образовательные ресурсы, Средства разработки электронных образовательных ресурсов.

Summary

The article describes in detail the requirements for e-learning resources and criteria of their assessment. The popular tools for developing e-learning resources are described, criteria to assess their effectiveness are identified.

Keywords: e-learning resources, tools for developing e-learning resources.

Пайдаланған әдебиеттер мен интернет-ресурстар:

1. Қазақстан Республикасында 2020 жылға дейін Білім беруді дамытудың стратегиялық жоспары
2. О.М.Гушина, О.А.Крайнова. Выбор и Оценка эффективности средств разработки электронных образовательных ресурсов. //Информатика и образования. №1 (240), 2013.
3. Ахметова Г.К., Мұхамеджанова С.Т., Толықбаева Ғ.Н., Жартынова Ж.Ә., Тәжібаев Б.Т.//Электрондық оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздері. Информатика негіздері. №5 (71), 2013.
4. Осин А.В. ЭОР нового поколения: открытые образовательные модульные мультимедиа системы. http://ed.gov.ru/files/materials/5192/eor_np.doc
5. Антонова С.Г., Тюрина Л.Г. Современная учебная книга: создание учебной литературы нового поколения. М.: Изд.сервис, 2001.